

КІТАП СӨРЕСІНДЕ

С.Торайғыров атындағы облыстық ғылыми кітапхана қоры "Мәдени мұра" шеңберінде басылған жаңа кітаптармен толықты.

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы бойынша ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша "Қазақстан ықшам энциклопедиялық сөздік" басылымы әзірленген. Бас редакторы - Бүркітбай Аяған.

Басылым энциклопедиялық сөздік шығарудың республикадағы алғашқы тәжірибесі болып келеді. Ғалымдар мен зерттеушілерге, студенттер мен мектеп оқушыларына ғана емес, еліміздің аса бай табиғатымен, кен байлықтарымен, сол байлықты игеріп жатқан өндіріс орындарымен, ежелгі ұлы даланың бұрын-соңды тарихымен, халық шаруашылығы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесімен, ғылым-білім жүйесімен, мәдениеті және әдебиетімен танысып, қиын кезеңде ел бастап, қол жиген көрнекті мемлекет және қоғам, ғылым мен өнер қайраткерлерінің өмірлерінен, т.б. салаларда нәтижелі мағлұмат алғысы келген жалпы көпшілік оқырман қауым үшін бұл кітаптың қажеттігі өте зор.

Сөздік негізінен "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясының сөзтізбесіне енгізілген атауларды қамтиды. Басылым көлемінің тым шағын болуына байланысты анықтамалық материалдардың көлемі ғана емес, оның тақырыптық және нысандық жағынан да біраз шектелген. Сөздік анықтамалық, сілтемелік, қысқарту талаптары жағынан көптомдық "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясына сәйкестендірілген.

"Қазақ тілінің аймақтық сөздігі" (22000 сөз) басылымының жауапты редакторы - ҰҒА академигі, профессор Ш.Сарыбаев.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алып, қолданыс аясының кеңеюіне байланысты оның қрамының түрлі саласында қатынас құралы қызметін атқару сапасына өрекше назар аударылып отыр. Яғни, тіліміздің лексикасының әлеуетін, оның қолданылу сапасын, қрамымыздың тілтанымдық мәдениетін арттыру мәселелері тек қана тіл мамандарының емес, сонымен қатар жалпы республика жұртшылығының алдында қосылған мәлім.

Осы орайда қазақ тілінің әдеби және бейәдеби қолданыстарын ажырату, соңғысындағы жергілікті ерекшеліктерін саралауға көмекші бола алатын әдеби нормадағы қолданыстардың баю көздерінің мол қазынасын жинақтаушы диалектологиялық сөздіктер шығару сұранысына жауап береді.

Сонымен қатар, "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" (53000 сөз) басылымы өңделіп, толықтырылып бесінші бет басылып шықты. Жауапты редакторы ҚР ҰҒА-ның академигі, профессор Р.Сыздық.

Тіліміздің толық емес сөздігінің 1988, 2001 жылғы басылымдарынан бері біраз уақыт өтті. Бұл жылдар қазақ тілінің қызмет етуі мен даму барысында айтарлықтай тарихи құбылыстардың кезеңі болғаны мәлім. Осы мерзім ішінде қазақ тілінің ішкі даму заңдылықтарында да, әсіресе экстралингвистикалық деп аталатын сыртқы, яғни қрамының саяси, мәдени, экономикалық, құрылымдық т.б. өзгерістеріне орай орын алған факторларға да қатысты тілде елеулі жаңалықтар, соны бағып-бағдарлар пайда болып жатқаны аян. Бұл - қрағам өмірінің, мәдениеті мен рухани болмысының объективті заңдылығы.

Сөздіктің жаңа осы басылымында бұрын сөзтізбеге енген сөздер мен тіркестер, бірқатар жаңа ғылыми-техникалық, қрағамдық-саяси терминдер қосылды, бірге және

бөлек жазылатын сөздер тобы айқындалып, реттеле түсі. Сөздік мұғалімдер мен мектеп оқушыларының, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттерінің, басқызметкерлерінің, сондай-ақ қалың жұртшылықта пайдалануына арналған.

"Қазақ тілінің синонимдер сөздігі" (16500 сөз). Өңделіп толықтырылып, қайта басылған басылым. Жауапты редакторы филология ғылымдарының докторы профессор С.Бизақов.

Синонимдер - тіл байлығының көрсеткіші, сөз қорының асыл қазынасы. Әрбір тілдің қандай дәрежеде даму жетілгендігі, оның байлығы мен оралымдығы, көркем синонимдер арқылы көрінбек. Қазақ әдеби тілі лексикасына байып, даму барысы жөнінде мол мәлімет берерлік бұсынылып отырған сөздік ғылыми қызметкерлер мен әдебиетшілерге, баспасөз бен ағарту саласындағы қаламгерлерге, ана тілін тереңдеп үйренуге дән қойған қалың оқырман қауымға арналған.

"Қазақ әдебиетінің тарихы". Күрделі 10 томды басылымның 4 және 9 томдары түсті.

4 томында - XIX ғасырдың бірінші жартысындағы (1800-1850) әдеби үрдістерге талдау жасалған. Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы тұңғыш рет ғылым деректермен негізделіп, тарихи шындық тұрғысына

сараланды. Шал Құлекеұлы, Махамбет Өтемісұлына бастап, бірқатар көрнекті тұлғалардың туындылары арнайы талданды. Сонымен бірге тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай келген К.Райымбекұлы, Д.Бабатайұлы, Ш.Қанайұлы сынды бірнеше ірі ақындардың шығармашылығына назар аударылған. Жалпы редакциясын басқарған - филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құрмашұлы Егеубаев.

9 том - Кеңес дәуірінің соңғы (1956-1990) кезеңіне арналған. Онда XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы әдебиет дамуының жолдары талданады. Сонымен бірге аталған кезеңдегі әдеби үрдісте жетекші рөл атқарған ақын-жазушылардың (І.Есенберлин, Х.Ергалиев, Ж.Молдағалиев, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, Ғ.Қайырбеков, С.Жүнісов, М.Мақатаев, т.б.) шығармашылық жолына баға берілген.

Қазақ әдебиеті тарихының өнімді кезеңі саналған бұл дәуірдегі Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті мен орыс тілді қазақ әдебиеті және әдби өмір шежіресі мен библиографиялық көрсеткіш берілген.

"Мәдени мұра" бағдарламасы аясында жарық көріп отырған "Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы және ерекшелігі" атты еңбек - этнография саласындағы маңызды басылымдардың бірі, әрі жоспарланып отырған екі томдық мақалалар жинағының бірінші томы. Бұл кітап академиялық сипатта қазақ тілінде кешенді, аналитикалық және қазақтың дәстүрлі этникалық мәдениетін кең тұрғыда жан-жақты қарастыратын алғашқы еңбектердің бірегейі деуге болады.

Бұл ұжымдық монография Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімінде даярланған. Жауапты редакторы тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Әжіғали.

Сонымен қатар 2005 жылы жарыққа шыққан "Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері" атты анықтамалықты тамашалай аласыздар.

Анықтамалықты құрастырғандар Райхан Мәженқызы, Қатира Қайрамбекова.

М.ИСАКАЕВА,
облыстық кітапхананың
бас библиографы.

ЖАҢА БАСЫЛЫМДАРМЕН ТОЛЫҚТЫ